

Әдістемелік кеңес ХАТТАМАСЫ №4

Өткізілген уақыты: 29 қаңтар 2024 жыл

Қатысқандар: барлық педагогтер

Тақырыбы: Балабақшада салауатты өмір салтын сақтаймыз

Күн тәртібі:

1. Дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстары.
2. Баяндама: Аурудың алдын алу.
3. Баяндама: «Ұлттық қимылды ойындардың балалардың белсенділігін арттырудағы рөлі».

Тындалды:

1. Әдіскер Хуат С. Балалардың дене белсенділігін дамыту мақсатында түрлі қимыл қозғалыс ойындарын ойнатып. Балалардың денсаулығын сақтау нығайту жолдарын күшейті. Салауатты өмір салтын сақтауға балалармен әңгімелер жүргізу. Ойындар ойнату, баланың денсаулығын нығайту басты мақсат екендігін түсіну. Сонымен қатар ата-аналармен байланыс күшейтілген, бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылған.
2. Балабақша Медбикесі Темірбекова А.Т. – мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығына үлкен мән берілетін тәрбие мен білім беру мекемесі балабақша екендігін айтып өтті. **Тыңдалды:**
3. Тәрбиеші Тасбулатова А.М. Ұлттық қимылды ойындардың балалардың белсенділігін арттырудағы рөлі атты баяндама оқыды.

Шешімі:

Қимылды және ұлттық ойындар күн тәртібіне екі күнделікті орындалсын.

Сауықтыру бұрыштарын жетілдіру қажет.

Әр тәрбиеші топ бұрыштарын жаңартсын (сәуір айына дейін).

Қимылды ойындарды аптасына 2 рет балалардың жас ерекшеліктеріне сай міндетті түрде өткізу.

Әдістемелік кеңес төрайымы

Әдістемелік кеңес хатшысы



Демеуова Ж.

Хуат С.

Баяндама: Аурудың алдын алу.

Бұл жаста баланың иммундық жүйесі толық қалыптаспағандықтан, әртүрлі жұқпалы ауруларға бейім болады. Сондықтан аурудың алдын алу бағытындағы жүйелі және мақсатты жұмыстар – тәрбиешілер мен медицина қызметкерлерінің басты міндеті. **Аурулардың түрлері және таралу жолдары:**

- Жұқпалы аурулар: *тұмау, ЖРВИ, қызылша, желшешек.*
- Асқазан-ішек аурулары: *тамақ арқылы жұғатын инфекциялар.*
- Маусымдық аурулар: *салқын тию, суықта жүру салдары.*

Алдын алу шаралары:

Дұрыс күн тәртібін ұйымдастыру:

- Балалар уақытылы тамақтанып, ұйықтап, серуендеп, таза ауада болуы керек.
- Күнделікті таңғы жаттығу жасау — дене төзімділігін арттырады.

Гигиеналық тәрбие:

- Қол жуу мәдениетін үйрету.
- Жеке заттарды (орамал, тарак, шыныаяқ) ортақ пайдаланбау.
- Дәретхана мен асханадағы тазалық талаптарын сақтау.

Иммунитетті күшейту:

- Витаминдерге бай тағамдармен тамақтану.
- С дәруменін қабылдау, жылы киіну.
- Уақтылы профилактикалық екпелер салдыру.

Сауықтыру шаралары:

- Таза ауада серуен.
- Дене шынықтыру сабақтары.
- Тыныс алу жаттығулары.

Аурудың алдын алу — тек медицина қызметкерлерінің ғана емес, педагог пен ата-ананың да ортақ жауапкершілігі. Балалар күнделікті тазалық дағдыларын меңгерсе, таза ауада жеткілікті қимыл-қозғалыс жасаса және дұрыс тамақтанса, ауруға шалдығу қаупі едәуір төмендейді. Балабақшадағы жүйелі сауықтыру жұмыстары — болашақ дені сау ұрпақтың кепілі.

БАЯНДАМА: Ұлттық қимылды ойындардың балалардың белсенділігін арттырудағы рөлі

Қимыл-қозғалыс — баланың табиғи қажеттілігі. Әсіресе мектепке дейінгі кезеңде баланың денсаулығын нығайту, қозғалыс белсенділігін арттыру, дене бітімін дұрыс дамытуда қимылды ойындардың рөлі зор. Ал ұлттық қимылды ойындар — тек дене белсенділігін ғана емес, сонымен бірге баланың ұлттық сана-сезімін, ойлау қабілетін, тапқырлығын, ептілігін де дамытатын тәрбие құралы.

Қазақ халқының ұлттық ойындары ғасырлар бойы бала тәрбиесінде қолданылып келген тәжірибе. Осы ойындарды балабақша тәрбиесіне тиімді енгізу — бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Негізгі бөлім

1. Ұлттық қимылды ойындардың ерекшелігі

Ұлттық ойындар:

- халықтың өмір салты мен тіршілігінен алынған;
- ұжымдық сипатта өтеді;
- бала денесін шынықтырып, ақыл-ойын дамытады;
- тәрбие мен мәдениеттілікті насихаттайды.

Ұлттық қимылды ойындар арқылы бала:

- өз халқының мәдениетін таниды;
- тілдік қорын байытады;
- үлкенмен кішіге деген құрметті, достықты, әділдікті үйренеді.

2. Қимылды ойындар арқылы балалардың белсенділігін арттыру

Қимылды ойындар — балалардың:

- моторикасын,
- тепе-теңдігін,
- жылдамдығын,
- реакциясын,
- кеңістікте бағдарлануын дамытады.

Мысалы:

- «Соқыртеке» — есту, бағыт-бағдарды анықтау, реакцияны дамыту;
- «Қаракөже» — шапшандық пен ұйымшылдыққа баулиды;
- «Асық ойыны» — көзбен дәлдеп ату, ептілік, саусақ бұлшықеттерін дамыту;
- «Аударыспақ» — күш, тепе-теңдік сақтау;
- «Ақ серек, көк серек» — командалық рух, ептілік пен шапшандық.